

"Семей" мемлекеттік университетін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1518

Жоғары білім беруді одан әрі жетілдіру және ғылыми-педагогикалық әлеуетті тиімді пайдалану, оқу орындарының материалдық-техникалық базасын дамыту және экологиялық жағынан қолайсыз аймақ Семей облысының жоғары білікті мамандарға қажетін неғұрлым толық қамтамасыз ету, сондай-ақ көп деңгейлі құрылым бойынша мамандар даярлауға көшуге байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Семей облысының әкімімен, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісілген Шәкәрім атындағы Семей педагогикалық институтын, Семей зооветеринарлық институтын, Семей ет және сүт өнеркәсібі технологиялық институтын таратып, олардың базасында "Семей" мемлекеттік университетін құрып, оның құрамына Семей политехникалық колледжін, Семей педагогикалық колледжін, Семей музыкалық колледжін және Семей агробизнес колледжін олардың заңдық және қаржылық дербестігін сақтап, қосу туралы ұсынысы қабылданын.

2. Семей облысының әкіміне "Семей" мемлекеттік университетіне жергілікті бюджеттің есебінен қосымша қаржы бөлуді қамтамасыз ету, оның материалдық-техникалық базасын жақсарту, шақырылған жоғары білікті мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөнінде пәрменді шаралар қабылдау тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі "Семей" мемлекеттік университетінің Жарғысын және құрылымын бекітсін, мамандықтар тізбесін айқындасын, тиісті әдістемелік қамсыздандыруды ұйымдастырсын, сондай-ақ жаңадан құрылған университеттің жоғары білікті мамандармен жасақталуына көмек көрсетсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Семей" мемлекеттік университетінің таратылған жоғары оқу орындарына бөлінген қаражат шегінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК